

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК  
УНИВЕРСИТЕТІ  
ТЕОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ  
ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР ДАЯРЛАУ БАҒЫТЫ БОЙЫНША  
АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТ МӘЖІЛІСІНІҢ  
№ 2 ХАТТАМАСЫ**

Түркістан қаласы

30.11.2022 жыл

**Қатысқандар:** АК төрағасы - PhD Д.Ш.Шауенов, АК мүшесі, академиялық персонал – PhD Ж.Е.Нұрматов, АК мүшесі, академиялық персонал – PhD Б.Сайфунов, АК мүшесі, академиялық персонал – т.ғ.к., доцент Г.Примкулова, АК мүшесі, академиялық персонал – PhD Р.Хәзіретәліқызы, АК мүшесі, академиялық персонал – т.ғ.к., доцент м.а. А.Д.Сандыбаева, АК мүшесі, академиялық персонал –ХҚТУ доценті С.К.Оразбай, АК мүшесі, академиялық персонал – PhD М.Төлеген, АК мүшесі, академиялық персонал – PhD Ф.Камалова, АК мүшесі, академиялық персонал – А.Бейсенов, АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі – М.Халықов, АК мүшесі, білімгерлер өкілі – А.Мауқенбай, АК мүшесі, білімгерлер өкілі – Б.Мауленқұл, АК мүшесі, білімгерлер өкілі – А.Алибек.

**Күн тәртібі:**

1. Бакалавр деңгейіндегі ББ ішкі аудитін ұйымдастыру
2. Институционалдық аккредиттеудің өзіндік бағалау есебін әзірлеуге қатысу
3. ББ әзірлеу тақырыбына семинар, тренинг ұйымдастыру
4. Бакалавр деңгейіндегі ББ мақсаттарын және оқыту нәтижелерін қайта тұжырымдау
5. Оқыту нәтижелеріне қол жеткізуді бағалау әдістерін және құралдарын жобалау
6. Қараша айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау

**Тыңдалды:**

**1. Бакалавр деңгейіндегі ББ ішкі аудитін ұйымдастыру**

**АК төрағасы Д.Шауенов:** Күн тәртібінде көрсетілген мәселелер бойынша қараша айында атқарылған жұмыстарды талқылайық. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығына орай Бакалавр деңгейіндегі ББ мақсаттарын және оқыту нәтижелерін қайта тұжырымдау.

**Сөз кезегін АК мүшесі, академиялық персонал, PhD Ж.Е.Нұрматов алды:**

2023-2024 Оқу жылына ББ жаңартуға ББ пәндерінің жалпы саны өзгереді. Жоғары білім беру бағдарламасының мазмұны үш цикл пәндерінен тұрады – жалпы білім беретін пәндер (бұдан әрі – ЖБП), базалық пәндер (бұдан әрі – БП) және бейіндеуші пәндер. ЖБП циклі міндетті компонент (бұдан әрі – МК), жоғары оқу орны компоненті (бұдан әрі – ЖК) және (немесе) таңдау компоненті (бұдан әрі – ТК) пәндерін қамтиды. БП және бейіндеуші пәндер циклдері ЖК және ТК пәндерін қамтиды.

**АК мүшесі, академиялық персонал – PhD Б.Сайфунов:**

Бакалавриат – кемінде 240 академиялық кредит міндетті түрде менгерілетін тиісті білім беру бағдарламасы бойынша "бакалавр" дәрежесін бере отырып, кадрлар даярлауға бағытталған жоғары білім деңгейі. БП және бейіндеуші пәндер циклі оқу пәндерін, кәсіби практикалардың түрлерін оқуды қамтиды және кемінде 172 академиялық кредитті құрайды делінген осы мәселені толықтай қарау керекпіз. Пәндерді біріктіру мәселесін ақылдасып шешімін қарайық.

**АК төрағасы Д.Шауенов:** Құрметті АК мүшелері Бакалавр деңгейіндегі ББ ішкі аудитін құжаттар дайындығын тексеру нәтижесінде көрінетін болады. Бакалавр деңгейіндегі ББ мақсаттарын және оқыту нәтижелерін қайта тұжырымдауымыз керек. Енді оны талқыладық алда жұмыстар көп және ауқымды жұмыстарды бірігіп жасасақ барлық жұмыстар шешімін табады деп сенемін.

**ШЕШІМ:** Бакалавр деңгейіндегі ББ ішкі аудит жұмыстары ұйымдастырылды деп танылсын.

## **2. Институционалдық аккредиттеудің өзіндік бағалау есебін әзірлеуге қатысу**

**АК төрағасы Д.Шауенов:** Құрметті әріптестер! Гуманитарлық ғылымдар бағыты бойынша білім беру бағдарламалары 2020 жылы тәуелсіз аккредиттеу агенттігінің мамандандырылған аккредитациясы шеңберінде стандарттар өлшемдеріне сәйкестігі тұрғысынан өзін-өзі бағалау есебін әзірлеп аккредитациядан өткен болатын. Дегенмен өзіндік бағалау есебінде 2021-22 оқу жылында жасалынатын жұмыстардың жоспары әзірленген еді. Өзіндік бағалау есебінде 10 стандартта көрсетілген баптар бойынша эксперттердің ұсыныстарына атқарылған іс-шаралар жайында қазан айының соңында жазбаша және қараша айының басында онлайн форматта есеп берілді.

**ШЕШІМ:** Институционалдық аккредиттеудің өзіндік бағалау есебін әзірленді деп қабылдансын.

## **3. ББ әзірлеу тақырыбына семинар, тренинг ұйымдастыру**

**АК төрағасы Д.Шауенов:** Соңғы үш жылда гуманитарлық ғылымдар бағыты бойынша білім беру бағдарламаларында өзгеріс жоқ екендігі баршамызға мәлім. Келесі оқу жылы яғни 2023-24 оқу жылына қабылданатын білімгерлер үшін жаңа білім бағдарламасын әзірлеу мақсатында семинар-тренингтер ұйымдастыруымыз қажет.

**Сөз кезегін АК мүшесі, академиялық персонал, PhD Ж.Е.Нұрмагов алды:** Білім беру бағдарламасын әзірлеу мақсатында ең алдымен жұмыс берушілердің ұсыныстарын тыңдауымыз қажет. Желтоқсан айында жұмыс беруші «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» директор орынбасары М.Халиков пен «Өзіреті Сұлтан тарихи-мәдени қорық музейі» директор орынбасары М.Тастанбековты шақырайық. Жаңа білім беру бағдарламасына қоғам нарығының сұранысына қарай түлектер атрибуттарын анықтайық.

**ШЕШІМ:** ББ әзірлеу тақырыбына семинар, тренинг ұйымдастырылсын.

## **4. Бакалавр деңгейіндегі ББ мақсаттарын және оқыту нәтижелерін қайта тұжырымдау**

**АК төрағасы Д.Шауенов:** Жалпы Дінтану және Теология білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты заманауи еңбек нарығының және жұмыс берушілердің сұранысына жауап беретін, Қазақстандағы діни ахуалдың тұрақтылығын қамтамасыз ету және дінтанулық ағарту жұмыстарын іске асыруға қабілетті, жоғары білікті мамандарды дайындау; Ал тарихы білім беру бағдарламасы тарихи және педагогикалық білімдерді терең меңгерген, тарих пәнін жаңартылған білім мазмұны жағдайында оқыту әдістемесін жүзеге асыратын, тарихи үдерістерге өзіндік талдау жасап оқытуға қабілетті болашақ тарихшы- педагог мамандарды даярлауға бағытталған. Түркітану білім бағдарламасы бойынша кәсіби дағдыларын игерген, бәсекеге қабілетті маман ретінде түркітанудың іргелі принциптерінің негізінде заманауи тұжырымдамалық мәселелерді талдай алатын және түркі халықтарының

мәдениетаралық қарым-қатынастарын, этникалық, саяси, әлеуметтік-экономикалық процестерін объективті түрде бағалай алатын тұлғаны даярлау. Осы мақсаттарды қайта қарап оқыту нәтижелерін айқындауымыз қажет.

**ШЕШІМ:** *Бакалавр деңгейіндегі ББ мақсаттары және оқыту нәтижелері қайта қаралсын.*

#### **5. Оқыту нәтижелеріне қол жеткізуді бағалау әдістерін және құралдарын жобалау**

**АК төрағасы Д.Шауенов:** Білім беру бағдарламаларында бірнеше жалпы құзыреттер бар. Атап айтар болсақ: Ақпараттық коммуникациялық технологияларды және қоғам, кәсіби ортада коммуникативті дағдыларды колдана білу қабілеттілігі, біртұтас ғылыми жүйелік көзқарасқа негізделген әртүрлі жағдайларды бағалау қабілеті, салауатты өмір салтын ұстану, әлеуметтік ортада адамды қалыптастыру және анықтау қабілеті, кәсіби қызметтің барысында пайда болатын мәселелердің ғылыми сипатын анықтау мүмкіндігі, оларды шешу үшін тиісті дінтанулық ақпаратты тарту, діни-философиялық және моральдық құндылықтарды білу, діндердің құқықтық және идеологиялық негіздерін білу, діни қозғалыстар мен діни мәселелерге талдау жасау. Осы құзыреттерге негізделген оқыту нәтижелерін де қайта қарауымыз қажет. Білім беру бағдарламалардағы оқыту нәтижелер түлектер атрибуттарына негізделуі қажет. Түлектер атрибуттары мәжілісіміздің 1-ші хаттамасында айтылған болатын. Егер сол атрибуттарға өзгерістер енгізу қажет болса ұсыныстарыңызды айтыңыздар.

**АК мүшесі А.Бейсенов:** Түлектер атрибуттары жұмыс берушілер тарапынан да қаралып қолдау тапқан болатын. Ал білім беру бағдарламасының оқыту нәтижелеріне қол жеткізуді бағалау әдістері мен құралдарын алдағы уақытта қарастыруымыз қажет.

**ШЕШІМ:** *Оқыту нәтижелеріне қол жеткізуді бағалау әдістері және құралдарын жобалау жұмыстары жүргізілсін.*

#### **6. Қараша айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау**

**АК төрағасы Д.Шауенов:** Қараша айында бакалавр деңгейіндегі ББ ішкі аудитін ұйымдастыру жұмыстары, институционалдық аккредиттеудің өзіндік бағалау есебі, ББ әзірлеу тақырыбына семинар, тренинг ұйымдастыру жұмыстары, бакалавр деңгейіндегі ББ мақсаттарын және оқыту нәтижелерін қайта тұжырымдау жұмыстары, оқыту нәтижелеріне қол жеткізуді бағалау әдістерін және құралдарын жобалау жұмыстары бойынша біршама жұмыстар атқарылды. Кейбір мәселелер төңірегінде мысалы, оқыту нәтижелеріне қол жеткізуді бағалау әдістерін және құралдарын жобалау мәселесі алдағы уақытқа жоспарланды.

**ШЕШІМ:** *Қараша айында атқарылған іс шаралар нәтижесі қабылдансын.*

Мәжіліс төрағасы:



Д.Шауенов

Хатшысы:



М.Төлеген